

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1199 Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 1 9 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымдауы

Экономикалық өсуге жәрдемдесу және Қазақстан Республикасы экономикасының жоғары бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мақсатында мемлекеттік қаржылық және материалдық ресурстарды құру және пайдалану кезінде операциялардың дұрыс есепке алынуы мен сенімді бақылануының айқындығын және уақтылы жүзеге асырылуын қ а м т а м а с ы з е т у .

Әлемдік қаржылық қоғамдастық біршама дамыған, тұрақты және прогрессивті эволюцияланатын қаржылық жүйелердің бірі деп жіктейтін, тиімді жұмыс істейтін мемлекеттік қаржыны басқару жүйесі.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

Ел Президентінің 1997 жылғы "Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Үкімет алдында қазақстандықтардың өмір сүру

сапасының өсуіне және бәсекеге қабілетті мемлекет құруға бағытталған бірқатар маңызды стратегиялық міндеттерді қойды.

Мемлекет экономикасында жаңа қағидаттық кезең басталады — бұл өсудің сапалық сипаттамаларын қамтамасыз ету. Атап айтқанда, дағдарыс жағдайында экономиканың тұрақтылығы, өндіруші және сонымен қатар өңдеуші салалардың теңгерімді дамуы, инфрақұрылымның тиімділігі. Бәрінен бұрын, бұл - әр адамның өмір сүру сапасы.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес еліміздің Үкіметі әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарларын барынша азайту, отандық экономиканы ықтимал сыртқы тәуекелдерден қорғаудың алдын алу шараларын дайындау жөніндегі шараларды қабылдауда.

Қойылған міндеттерді шешу мақсатында еліміздің басты экономикалық ведомстволарының бірі және бюджеттің атқарылуы бойынша уәкілетті орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ең алдымен салық салу, кеден ісі, бюджеттің атқарылуы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2.1.1-стратегиялық бағыт.

Бюджетті атқарудың сапасын жақсарту

Қаржы министрлігінің түйінді функциясы бюджеттің толық және уақытылы атқарылуын қамтамасыз етуден тұрады, сондықтан осы стратегиялық бағыт бюджеттердің атқарылуына қазынашылық қызмет көрсетудің сапасын арттыру және мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігін арттыру әрі мемлекеттік бюджеттің қаражатын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі мақсаттарды біріктірді.

Қазіргі уақытта қазынашылық қызмет көрсету саласында жыл сайынғы бюджет көлемінің артуына байланысты туындайтын қазынашылықтағы өңделетін төлем құжаттары айналымының ұлғаюына байланысты проблема туындауда, мысалы, егер 2005 жылы өңделетін төлем құжаттарының айналымы 7031,4 мыңды құраса, 2006 жылы ол 1 247,6 мыңға, ал 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 758,4 мыңға артты.

Негізгі проблема құжаттарды өңдеудегі және трафиктің өсуіне және жүйенің өнімділігіне жүктеменің артуына байланысты есептілік нысандарын беруде іркілістер болып табылады.

Осыған байланысты, қаржы құжаттарының өсу қарқынын ескере отырып, Стратегиялық жоспарда ақпараттық қазынашылық жүйесін электрондық құжат айналымына кезең кезеңімен көше отырып, бюджеттік бағдарламаларды атқару процесінде қазынашылық пен клиент (мемлекеттік мекеме) арасындағы өзара іс-әрекет

бөлігінде жетілдіру жөніндегі міндеттер көзделген.

Мемлекеттік сатып алу тендерлерін қалыптастыру бөлігінде де сауда-саттық жүргізудің созылмалы процесіне және конкурстардың өтпей қалуы жағдайында бюджет қаржысының кейін толық игерілмеуіне байланысты проблемалар анықталды. Пилоттық аймақ шегінде тәжірибелік пайдаланып көру жолымен "Электрондық мемлекеттік сатып алу" ақпараттық жүйесін барынша сынау жоспарлануда. Бұл оның өндірістік таралымын көбейтуді жылдамдатуға, мемлекеттік сатып алу субъектілерінің электрондық сауда-саттық жүйесіне кезең-кезеңмен өтуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ол өз кезегінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін оңайлатуға және бюджеттердің уақытылы орындалуын жоғарылатуға әкеледі.

Келесі жағынан, бюджеттің уақтылы орындалмау проблемасын шешу, рәсімдеу мәселелерін оңайлатуға ғана байланысты емес, көптеген мемлекеттік органдар өздеріне бөлінген қаржылық қаражаттарды әрқашан тиімді пайдаланбайды және белгіленген мақсатына пайдаланбау да жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда елдегі ішкі бақылау жүйесінің тиімді қызмет ету проблемасы туындайды.

Қаржылық бұзушылықтардың соңғы 3 жылдағы серпіні олардың өскендігін көрсетеді (2005 жылы - 32,2 млн. теңге, 2006 жылы - 41,1 млн. теңге, 2007 жылы 54,4 млн. теңге). Дұрысында бұзушылықтар төмендеуге ұмтылуы қажет, және де бұл елдегі ішкі бақылау қызметінің тиімділік индикаторы болуы тиіс.

Осыған байланысты Стратегиялық жоспарда "Мемлекеттік бюджет қаржысын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу" мақсаты белгіленді, мемлекеттік бюджет шығыстарындағы бұзушылықтардың үлес салмағының төмендеуі оның өлшемелі нәтижесі болуы тиіс.

Анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқамаларды бақылау объектілерінің уақтылы орындамауы бірнеше жыл бойында шешілмеген мәселе болып қалған. Бақылау объектілерінің жауаптары шамамен 70% құрайды, негізінде олардың үшінші бөлігі қабылданған шаралар туралы нақты ақпараты жоқ формальды жауаптар.

Осы жылдан бастап нұсқамаларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бақылау объектілерінің жауапты тұлғаларын жауапкершілікке тарту жөнінде 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекс нормасының енгізілуі бақылау объектілерінің қаржылық тәртібін жоғарылатуға көмектеседі.

Осыған байланысты мынадай көрсеткіш айқындалды: бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша қабылданған шешімдер мен ұсыныстардың орындалу деңгейін 2011 жылы 85%-ға жеткізе отырып көтеру.

Қазіргі қаржылық бақылау жүйесінің осы кезеңдегі жеткіліксіз тиімділігі көбінесе бақылау органдарының қызметіндегі басты тәсіл кейінгі бақылау болып табылатындығымен негізделеді, бұл кезде бұзушылық фактісі жасалған және ақша қаражаты жұмсалып, уақыт өтіп кеткен.

Аудитке өту қажеттілігі айқын, бірақ кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы керек. Бұл

кезенде аудитті мемлекеттік органдар деңгейінде, ал келешекте ел Үкіметі деңгейінде енгізу ұсынылады.

Осыған байланысты Стратегиялық жоспарда тәуекелдерді басқару аудитіне кезең-кезеңмен өту міндеті қарастырылған, сәйкесінше Министрлік тәуекел топтары бойынша объектілерді таңдау және мониторинг жүйесін әзірлеуге кірісуі қажет және оны 2010 жылы жоспарлы бақылау іс-шараларының 30%, 2011 жылы — 40% деңгейінде енгізуі керек.

2.2.2-стратегиялық бағыт.

Салық қызметі органдары қызметінің тиімділігін арттыру

2002 - 2007 жылдарда қол жеткізген салық түсімдерінің ЖІӨ-ге қатынасының 5,6 пайыздық тармақтарға өсімге қарамастан, жақын арадағы 3 жылда бұл көрсеткішті тағы да 3 пайыздық тармаққа ұлғайту мүмкіндігі бар.

Салық түсімдерін ұлғайту мақсатында назарды көлеңкелі экономикада жасырылған резервтерге шоғырландыру және қызметті оларды анықтауға бағыттау қажет. Ірі кәсіпорындарға тексерулердің, әсіресе трансферттік бағаларға бақылау бойынша тиімділікті арттыру қажет, жалған кәсіпорындармен күресті жандандыру, залал шеккен кәсіпорындарды әкімшілендіруді күшейту керек, резидент еместерге назар аудару қажет, акцизделетін саладан (әсіресе алкогольден) түсетін салықтардың түсімін көтеру керек. Бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту салық жүктемесін төмендете отырып, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру есебінен жүргізілуі тиіс. Салықтық әкімшілендірудің жеткіліксіздігі немесе пысықталмауы бюджетке түсетін салық түсімдерінің төмендеуіне, салық бұзушылықтарының ықтималдығын ұлғайтуға, аяғында қоғамда әлеуметтік қысымшылығын тудыруға әкеп соқтыруы мүмкін.

Аталған міндетке қол жеткізу салық төлеушілерді салық бақылауымен қамтуды арттыру жолымен "Салықтық әкімшілендіруді жақсарту жолымен салықтардың толық түсуін қамтамасыз ету" стратегиялық мақсат шеңберінде көзделген.

Бұдан басқа, ақпараттық жүйелер базасында озық халықаралық тәжірибені пайдалануға негізделген салық қызметі органдарының қызметін жетілдірудегі серпінді қадамдармен қатар шешімін талап ететін бір қатар проблемалар бар.

Әкімшілік кедергілер рейтингінде мемлекеттік органдардың арасында салық органдары 7 орында, оның ішінде:

күту үшін қолайлылықтардың болмауы	-	45%;
теріс пиғылды персонал	-	35%;
нашар ұйымдастырылған қызметкерлер	-	29%;
үлкен кезек күтулер	-	69%;
түсіндіру ақпаратының болмауы	-	29%.

Қазіргі сәтте қызмет көрсетулердің төмен сапасына техникалық жарақтандыру

ықпал етеді. Мысалға, салық есептілігін электронды түрде табыс ету кезіндегі және дербес шоттарға қол жеткізуді жоюды ұйымдастыру кезіндегі негізгі проблемалар:

салық заңнамасының өзгеруіне байланысты салық есептілігі нысандарын толтыру бойынша бағдарламалық қамтамасыз етудің уақтылы жаңартылмауы;

ең жоғары жүктеме кезеңінде есептілікті қабылдау мен өңдеу кезінде істен шығуға оның ішінде, деректерді салық есептілігі нысандарынан салық төлеушілердің дербес шоттарына таратудың кідіруіне әкеп соқтыратын салық есептілігі нысандарын қабылдау және өңдеу жүйесі жұмыстарының тұрақсыздығы;

салық есептілігі нысандарын қабылдау және өңдеу жүйелерінің талдамалық аппаратының жетілмегендігі болып табылады.

Бұдан басқа, салық органдарының техникалық қамтамасыз етілу деңгейі олардың алатын және өңдейтін ақпарат көлеміне барабар емес. Қолда бар ресурстар жаңғыртуды талап етеді, және салық органдарының ағымдағы қажеттіліктеріне жауап бермейді. Мұның нәтижесінде серверлерде деректерді өңдеу кезегі туындайды, дербес шоттарға таратып жазу есептілікті тапсыру мерзімдері бұзыла отырып, жүргізіледі. Мұндай жағдай салық төлеушілер тарапынан реніштер тудырады, және салық төлеушілердің салық есептілігін электронды түрде табыс етуден бас тартуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Бұл проблемалардың шешімдері:

көрсетілетін салық қызметтерінің сапасын арттыру (кезек күтуді орташа уақытын қысқарту, мемлекеттік қызметтердің электронды түрлерін көрсету бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарының сапасымен қанағаттануды арттыру (сауалнама нәтижелері бойынша), салықтарды есептеуді оңайлату - жылына салық есептілігін дайындауға және тапсыруға кететін орташа уақыт, салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының құрылысы);

салық қызметі органдарының жұмыс тәжірибесінде түсіндіру жұмысының озық түрлері мен әдістерін, оның ішінде заманға сай ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, енгізу арқылы қоғамның салық мәселелерінде хабардарлығын арттыру жолымен "Салық қызметі органдарының қызметіне қоғамның қанағаттануы деңгейінің өсуін қамтамасыз ету" қамтамасыз ету стратегиялық мақсат шеңберінде көзделген.

2.3.3-стратегиялық бағыт.

Кеден органдары қызметінің тиімділігін арттыру

Соңғы уақыттарда Қазақстан Республикасының кеден қызметі кедендік әкімшілдендіруді жетілдіру, кедендік рәсімдерді оңайлату, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (бұдан әрі - СЭҚ) және тұтас халық үшін қолайлы жағдай жасау жағынан белсенді қадам басуда.

Дамудың стратегиялық жоспарымен 2011 жылға дейін кеден ісіндегі бизнес-процестерін негізгі әкімшілдендіруді модернизациялау есебінен СЭҚ

қатысушыларға қызмет көрсету уақытын қысқарту көзделуде. Аталған тармақтың атқарылуын сипаттайтын негізгі көрсеткіш кеден органдарының ақпараттық жүйелерін өндірісте іске қосуды әзірлеу және енгізу болып табылады.

Сондай-ақ кеденшілердің заңнамалық базаларды жетілдіруде мемлекеттік масштабтағы проблемаларды шешудегі қабілеттілігінің жоғары біліктілігінің болуы, нарықтық экономиканың дамуына, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға ықпал етеді, оларды дайындаудағы мәселелерге ерекше көңіл бөлуге мәжбүрлейді. Осыған байланысты лауазымды адамдарға ұдайы оқыту жүргізу жоспарлануда: 2008 жылы 3525 адамды, 2009 - 2011 жылдары 4 мың адамнан әр жылда

Халықаралық банк есебіне сәйкес халықаралық сауданы енгізуі бойынша рейтингте Қазақстан әлемде 178 орында, біздің елімізде импорт бойынша мәмілені жүзеге асыру үшін 18 құжат ұсыну қажет, экспорт бойынша - 14. Бұл ретте, оларды ресімдеу ұзақтығы 60 күнге дейін ұзаруы мүмкін.

Талап етілетін 18 құжаттың тек 3-уі ғана кедендік - СЭҚ қатысушының есеп карточкасы, тауардың жеткізілуі туралы кепілдік міндеттемесі, кедендік декларация (ж ү к , ж о л а у ш ы) .

Осыған байланысты, Министрлік 2 көмекші кедендік құжаттарды алып тастауды және тек біреуі - кедендік декларацияны міндетті етіп қалдыруды жоспарлауда.

Қазіргі сәтте өзекті болып кедендік ресімдеу мерзімін қысқарту болып отыр. Ресімдеу мерзімінің ұдайы мониторингіне қарамастан, кеден органдары өзінің дискрециялық өкілдігінің күшімен құжаттамалық және жеке бақылауды бірімсіздікпен қалдырып жатқандықтарын жалғастыруда.

Қазіргі уақытта кеден органдарының жұмыс істеп тұрған жүйесі жүктерді жаппай бақылауды жүзеге асырады, бұл ретте қағаз тасығыштарында декларациялау әуре-сарсаңға жол беріледі, кеден органының лауазымды тұлғасы негізінен жүктерді және құжаттарды тексеруде негізгі бағыттарды өз кезегінде лауазымды тұлғалар тарапынан субъективті сипатта әрекет ету үшін мүмкіндік жасайды.

2011 жылға тауарлар мен көлік құралдарын жеке тексеру процестерін 35% дейін қысқарту жоспарланған қысқартулар болашақта дамудың басымдылығы болуға тиіс.

Стратегиялық жоспар міндеттерінің бірі құқық бұзушылық процесінің жоғары процентін төмендету мақсатында тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау кезінде жол берілетін құқық бұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз ету. Халықаралық тәжірибе жаза қабылдау заңның орындалуын қамтамасыз етпейтіндігін көрсетті.

Соған байланысты, аталған міндеттердің шеңберінде құқық бұзушылыққа мүмкіндік беретін себептер мен жағдайларды жою мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден органдарының алдында тұрған, тұтастай алғанда міндеттерді тиімді атқару үшін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу

ж о с п а р л а н у д а .

Аталған міндетте, сондай-ақ орын алып отырған бұзушылықтарды жоюда бизнеске көмек ретінде бағытталған механизмдерді кеден органдары тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін іс-шаралар тұтас кешенін ұсынады.

Қылмыстық және әкімшілік өндірістердің сапасын арттыруға қатысты, нәтижесінде жедел-ізвестіру қызметінің сапасын арттыру, алдын-ала ақпараттарды жинау және істерді қалыптастыру, алдын-ала тексеріп қарау, сотпен тоқтатылған істердің санын 2011 жылға 8 % дейін қысқартылады деп жоспарланады.

Сыртқы сауданы ырықтандыру және тауарлар импортының көлемін арттыру салдарында оларды елдің кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізу тәуекелдерін арттыру, көбінесе азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіпті, сондай-ақ мемлекетке келтірілетін экономикалық залал ғана емес орны толмас экологиялық зиян.

Осыған байланысты, жедел-ізвестіру қызметі шеңберінде кеден органдары тек қана есірткі құралдарының контрабандалық фактілерін жәй ғана анықтауға мүмкіндік беретін емес, жеткізушіден сатушыға дейінгі қылмыстық схеманың барлық тізбегін анықтауда "бақылаудағы жеткізу" әдісі бойынша жоспарлы операцияларды жүргізуде.

Тұтастай алғанда, стратегиялық бағыттарды іске асыру Дүниежүзілік сауда ұйымына ену жөніндегі халықаралық стандарттарға және талаптарға кеден қызметтерінің іс-әрекеттерін сәйкес келтіруге, жиналатын баждар мен салықтардың көлемінің артуына және контрабанда мен сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуіне м ү м к і н д і к б е р е д і .

Сонымен бірге, 2009 жылы тауарларды жеткізуді бақылау құжатының қағаз нұсқасын толтыруды алып тастау жоспарланып отыр. Бұл Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы көлік құрал-жабдықтарының өткізу уақытын қысқартады, сонымен бірге тауарларды жеткізуді бақылау құжатын толтыру бойынша брокерлік қызметтерге төленетін қаржы шығындарын шығару қажеттігі болмайды.

Одан басқа, қысқа декларацияны толтыруды алып тастау жоспарланып отыр. Жүктің уақытша сақтау қоймасына келуі туралы белгі тауар-көлік жүк құжатында қ о й ы л а т ы н б о л а д ы .

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарадағы өткізу мекендерінде бақылауды 2 қызмет атқаратын болады: кедендік және шекаралық. Бұл қажетті үдерістердің өту уақытын қысқартады.

Көрсетілген өзгерістерді есепке ала келіп, көрсеткіштердің 6 позицияға жақсартылуы мен 98 орынға шығу болжамданып отыр.

2010 жылы жаңа Қазақстан Республикасының жаңа Кедендік кодексін қабылдау жоспарланды, онда кедендік үдерістерді максималды оңайлату мен кедендік ресімдеу кезіндегі берілетін құжаттар санын минимумға жеткізу қарастырылады. Сонымен бірге, бұл кодексте кедендік ресімдеу кезіндегі құжаттық бақылауды өткізу үшін кететін у а қ ы т т ы е л е у л і қ ы с қ а р т а д ы .

Қазақстан Республикасының жаңа Кедендік кодексін қабылдауымен, көрсеткіштердің 10 позицияға жақсартылуы мен 88 орынға өту жоспарланып отыр.

Дүниежүзілік банк бөлген қаражаттары есебінен 2011 жылы кедендік органдарын жаңғырту арқылы электрондық декларациялау мен Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті мен министрліктер, ведомстволар арасында мәліметтер алмасу бойынша электрондық өзара іс-әрекеттесуді енгізу қарастырылып отыр.

Негізгі кедендік ресімдеуді өткізу кезіндегі кететін уақыт кедендік орында бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге екпін аудару арқылы қысқарады.

Кедендік органдарды жаңғырту арқылы көрсеткіштердің жақсаруы мен 50 орынға шығу болжамданып отыр.

2.4.4-стратегиялық бағыт.

Қаржылық ақпараттың сапасы мен қол жетімділігін арттыру

Ел экономикасының қарқынды дамуына, оның бірігуіне және Қазақстанның халықаралық қоғамдастықпен өзара іс-әрекетіне байланысты Қазақстанның қаржылық ақпаратының сапасы мен қолжетімділігін тұрақты түрде жетілдіру қажет, бұл Халықаралық бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) көшуге әкеледі.

Бұл ретте заңды тұлғалардың ХҚЕС-ке көшуін бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнама талаптарының сақталуының мониторингісіз қамтамасыз ету мүмкін емес. Осы міндетті іске асыру үшін Стратегиялық жоспарда заңнамалық базаны жақсарту жөніндегі міндет көзделген.

Қоса қабат Қаржылық есептілік депозитарийін құру шеңберінде жария мүдделі ұйымдар үшін Стратегиялық жоспарда ХҚЕС-ке көшпеген мемлекеттің қатысу үлесі бар заңды тұлғалар бойынша деректер қорын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар ұсынылған, бұл болуы тиіс мониторингтен басқа халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз ету жөніндегі заманауи шараларды қабылдау үшін жедел ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

2009 — 2011 жылдары мемлекеттік секторда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін жетілдіру мақсатында бірінші кезеңде мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін құру үшін халықаралық практикаға сәйкес келетін негізді дайындауды жүргізу жоспарлануда, атап айтқанда: халықаралық практиканы зерделеу және оны мемлекеттік мекемелерде қолдану мүмкіндіктері мен тәсілдерін талдау (2009 жылы), нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау (2009 - 2010 жылдары), бағдарламалық өнімді құру (2011 жылы), қаржы есептілігін жасаушыларды, пайдаланушыларды, сыртқы және ішкі аудиторларды оқытуды бастау (2010 жылдан бастап), "пилоттық бағдарламаны" іске асыруға дайындалу.

Сондай-ақ аудиторлық ұйымдардың барлығы бірдей өз қызметін халықаралық

аудит стандарттарына сәйкес жүзеге асырмайды, осыған орай Стратегиялық жоспар аудиторлық ұйымдардың халықаралық стандарттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етуі жөніндегі міндетті қамтиды.

2008 жылы Қаржы министрлігіне аудиттің халықаралық стандарттары, сапа кепілдемесі мен кәсіби этика бойынша аудиттің халықаралық стандарттарын қазақ тіліне көшіру мен жаңғыртуды рұқсат ететін, Қаржы министрлігі мен Халықаралық бухгалтерлер федерациясы арасында (IFAC) өзара түсінушілік туралы меморандумға қ о л қ о й ы л д ы .

Қазіргі уақытта аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылау мен жауапкершілікті күшейтуге бағытталған аудиторлық қызмет туралы заңнамалық база жетілдіріліп отыр, ол аудиттеу стандарты дәрежесі бойынша бәсекеге қабілеттілік жаһандық индексінің төмендеуіне әкеледі және 2011 жылға дейін 85 позицияға жету жоспарланып отыр.

2.5.5-стратегиялық бағыт.

Мемлекеттік меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыру

Меншікті басқару жүйесін қалыптастыру (республикалық меншікке қатысты меншік құқығын жүзеге асыру, республикалық меншік объектілерін орынсыз пайдалану мәніне мемлекеттік активтерді тексеру, мұндай объектілерді бәсекелі ортаға немесе басқа пайдаланушыларға беру, мемлекеттік мүлікті сату және тағы басқалар) стратегиялық жоспарында Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімін, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың меншігін басқару тиімділігінің кешенді мониторингінің нәтижелерін; экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингінің нәтижелерін қамтитын ақпараттық базаны қ а л ы п т а с т ы р у м е н ұ с ы н ы л ғ а н .

Негізгі қызмет процесінде және соның ішінде деректері басқару шешімдерін қабылдау үшін мемлекеттік органдарға берілетін көрсетілген ақпараттық базаны қалыптастыру меншікті басқару жүйесін Министрліктің орта мерзімді кезеңдегі қызметінің стратегиялық бағыты ретінде одан әрі жетілдіру қажет екендігі айқындалды .

Кез келген меншік нысанындағы тексерілген объектілер саны және қазіргі түрінде базаны іс жүзінде ұстау және өзекті деректермен толтыру меншікті басқару жүйесін жетілдіруді қамтамасыз етпейді, бұл басқару шешімдерін қабылдау, сондай-ақ экономика салалары қызметінің айқындығын одан әрі арттыру және бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің көрсеткіштерін анықтау кезінде талап етіледі.

Осыған орай, дайындалатын басқару шешімдерін одан әрі жақсарту мақсатында мемлекеттік органдарды нақты деректермен қамтамасыз ету үшін мемлекет қатысатын

заңды тұлғалардың меншігін басқару тиімділігінің кешенді мониторингінің тексерілген объектілер санын арттыру талап етіледі.

2003 жылғы 4 қарашадағы "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін қызметті жүзеге асыру қаржыландыру өзгермеген кезде, тексерілетін объектілер санының артуымен сүйемелденеді, бұл еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шешімдердің сапасына жағымсыз әсер етеді. Еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шешімдерді қабылдауға негіз болып табылатын іс жүзіндегі ақпараттық базаның сапасын арттыру үшін стратегиялық объектілердің абсолюттік саны артқан кезде олардың ең төменгі қажетті ауқым қамтамасыз ету бұлжымас қажеттілік болып отыр.

Жоғарыда көрсетілген проблемалар меншікті басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, басқару шешімін қабылдау үшін ақпараттық базаға қосылған қаржылық және басқару ақпаратымен қамтамасыз ету көрсеткішін арттыру жолымен шешуді талап етеді. Баяндалған қағидаттарда электрондық ақпараттық базаны қалыптастыру Қазақстан Республикасының өндірістік күштерін дамытудың өзгеретін шарттарына сәйкестікті, мемлекеттік кәсіпорындар мен жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар, сондай-ақ экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында жұмыс істейтін заңды тұлғалар қызметінің айқындығын арттыруды қамтамасыз етеді.

2.6.6-стратегиялық бағыт.

Банкроттық саласында реттеу тиімділігін арттыру

2002 жылдан бастап 16 587 ұйым таратылды, одан 14 119 ұйым немесе 85,1 % мүлкі болмаған. Банкроттау рәсімдері әрекетсіз, іс жүзінде мүлкі жоқ кәсіпорындарға қолданылады, қорытындысында тарату кезінде кредит берушілер талаптарының көбі қанағаттандырылмай қалып отыр.

Оңалту рәсімдерін қолдану кезінде төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыруға жеткіліксіз шамада назар аударылды, бұл оңалту мақсаттарына қол жеткізбеудің және банкроттыққа кеткен кәсіпорындар санының ұлғаюына себеп болып отыр.

Бұл анағұрлым дәрежеде қасақана және жалған банкроттық фактілеріне байланысты. Қасақана және жалған банкроттық проблемасы кредит берушілердің, оның ішінде мемлекеттің ұйым мүлкінің негізгі салмағын шығару бойынша басшылардың немесе құрылтайшылардың заңсыз әрекеттеріне уақтылы ден қойылмағанынан туындайды.

Осыған байланысты, борышкерлердің активтерді заңсыз шығарумен және қасақана банкроттыққа қарсы әрекет ету тетіктерінің бірі сырттай байқау институтын қолдану болып табылады.

Бүгінгі таңда ең алдымен күш оналту және сырттай байқау рәсімдерін қолдану жолымен рентабельді емес ұйымдарды қаржы-экономикалық сауықтыруға, төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталатын болады.

2011 жылы төлем қабілеттілігі 53 % дейін қалпына келтірілетін кәсіпорындардың үлесін ұлғайту жоспарланып отыр, ал таратылған ұйымдардың саны 1450 құрайды.

Дүниежүзілік банктің "Doing Business" рейтингісінде "кәсіпорындарды жабу" көрсеткіші бойынша Қазақстан 2007 жылы 103 орын, 2008 жылы 100 орынды алды.

Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша Қазақстанда тарату рәсімдерін өткізу уақыты 3,3 жылды, шығындар - мүлік құнының 18 %-ы және борышты өндіру коэффициенті - 25,3-ті құрады (арнайы формула бойынша есептеледі).

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын талдау мен банкроттық сферадағы тәжірибе Қазақстанда жабу процедураларының уақыты 1,7 жылды, шығындар 16,2 %-ды құрайтынын көрсетті.

Қазақстанның "Doing Business" рейтингісін жақсарту үшін банкроттылық сферасында қолданылатын заңнамаларды түсіндіру бойынша респонденттермен жұмыс, сонымен қатар оларды және Дүниежүзілік банк өкілдерін банкроттылық процедуралары арқылы кәсіпорындарды жабу саласында нағыз жай-күй туралы ақпараттандыру жүргізіледі.

2011 жылы Қазақстан Дүниежүзілік банктің "Doing Business" рейтингісінің "кәсіпорындарды жабу" көрсеткіші бойынша 70 орынға жылжуы жоспарланып отыр.

2.7.7-стратегиялық бағыт.

Қаржылық мониторингі жүйесін қалыптастыру (бірінші кезең)

Терроризм мен халықаралық қылмыс қаупі өсіп отырған жағдайда бәріміз үшін заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыру және терроризм мен халықаралық қылмысты қаржыландыру әрекеттерінің жолын кесу мәселелері ерекше өзектілікке ие екендігі айқын болып табылады.

Қаржы министрлігінің құрылымында Қаржылық мониторингі комитеті құрылды, заңсыз кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті орган болады.

Бастапқы кезеңде негізгі стратегиялық бағыт ретінде қаржылық мониторингі жүйесін қалыптастыру деп анықтау ұйғарылып отыр.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.06 N 640, 2009.12.10 N 2062 Қаулыларымен.

Есепті кезең		Жоспарлы кезең	

Атауы	Өлшем бірлігі	2007 жыл (есеп)	2008 жыл (ағымдағы жыл жоспары)	2009 жыл	2010 жыл	2007 жыл (есеп)
1-стратегиялық бағыт. Бюджеттің атқарылу сапасын жақсарту						
1.1 мақсат. Мемлекеттік мекемелердің бюджеттерінің атқарылуына және шоттарына қазынашылық қызмет көрсету сапасын арттыру						
Нысаналы индикатор. Мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету және қаржылық құжаттарын қайта өңдеу уақытын қысқарту. 2007 жылы - 4 жұмыс күні, 2008 жылы - 3 жұмыс күні, 2009 жылы - 3 жұмыс күні, 2010 жылы - 2 жұмыс күні, 2011 жылы - 1 жұмыс күніне дейін						
1.1.1 міндет. Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін жетілдіру						
Қаржылық құжаттардың электрондық құжат айналымы (Қазынашылық-клиент) үшін қазынашылықтың ақпараттық жүйесін жүйеге қосылу үшін қажетті техникалық жарактандыру деңгейі бар мемлекеттік мекемелермен біріктіру %	%	-	10	10	45	100
1.2 мақсат. Мемлекеттік сатып алу процесін оңтайландыру және тиімділігін арттыру						
Нысаналы индикатор. Мемлекеттік сатып алудың жалпы көлеміндегі электрондық мемлекеттік сатып алу үлесінің ұлғаюы, 2007 жылы - 0 %, 2008 жылы - 0,1 %, 2009 жылы - 5 %, 2010 жылы - 10 %, 2011 жылы - 20 %.						
1.2.1 міндет. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы оңтайландыру және жетілдіру						
Қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Бірлік	1	1	2	-	-
1.2.2 міндет. Мемлекеттік сатып алу жүйесін ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып енгізу						
Мемлекеттік сатып алуды ақпараттық жүйелер мен электрондық құжат айналымын пайдалана отырып жүзеге асыруға қол жетімділігін алған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің үлес салмағы	%	-	2,7	2,7	100	100
1.3 мақсат. Мемлекеттік бюджет қаржысын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу						
Нысаналы индикатор. Мемлекеттік мекемелер шығыстарындағы бұзушылықтардың үлес салмағының төмендеуі, (2007 жылы 2 %-ке, 2008 жылы 1,95 %-ке, 2009 жылы 1,9 %-ке, 2010 жылы 1,85 %-ке, 2011 жылы 1,8 %-ке)						
1.3.1 міндет. Мемлекеттік бюджет қаржысын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтарды бұлтартпау және алдын алу						

Бақылау объектілерінің қаржылық тәртіп деңгейін арттыру (бақылау іс-шаралары қорытындылары бойынша қабылданған шешімдер мен ұсыныстардың орындалу деңгейін арттыру)	%	70	75	80	85	85
---	---	----	----	----	----	----

1.3.2 міндет. Тәуекелдерді басқару жүйесіне көшу жолымен бақылау тиімділігін арттыру

Тәуекел топтары бойынша бақылау объектілерін іріктеу және мониторинг жүйесін енгізу	%	-	-	Тәуекелдердің топтары бойынша объектілерді бөлуді өлшемдерін әзірлеу және тәуекел топтары бойынша бақылау объектілерін іріктеу және мониторинг жүйесін автоматтандыру үшін талдамалы және әдістемелік негізді дайындау	Жоспарлы іс-шаралардан 30 %	40 %
---	---	---	---	--	-----------------------------	------

2-стратегиялық бағыт. Салық қызметі органдары қызметтерінің тиімділігін арттыру

2.1 мақсат. Салықтардың толық түсуін салықтық әкімшілендіруді жақсарту жолымен қамтамасыз ету

Нысаналы индикатор: Салық қызметі органдарының құзыретіне жататын республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістері бойынша болжамның орындалуы, 2007 жылы - 103,8 % (нақты), 2008 жылы - 97,3 % (нақты), 2009 жылы - 100 % , 2010 жылы - 100 %, 2011 жылы - 100 %

2.1.1 міндет. Салық төлеушілерді салықтық бақылаумен қамтуды арттыру

Нәтижелі жоспарлы тексерулердің үлес салмағын ұлғайту	%	-	95	96	97	98
Активтері жоқ салық төлеушілерге қатысты құқық қорғау органдарының бастамасымен қарастырылған салықтық тексерістердің нәтижелері бойынша анықталған бересілерді қоспағанда, салық түсімдері бойынша	%	1,3	1	2		0,4

бересінің біріктірілген бюджет кірістерінің жалпы көлеміндегі үлесі					0,5	
2.2 мақсат. Қоғамның салық қызметі органдарының қызметінен қанағаттану деңгейінің өсуін қамтамасыз ету						
Нысаналы индикатор. Көрсетілген салық қызметінің сапасымен қанағаттану деңгейі: кәсіпкерлік субъектілері үшін 2007 жылы - 40,6 %, 2008 жылы - 50,5 %, 2009 жылы - 52,9 %, 2010 жылы - 56,5 %, 2011 жылы - 60,3 % Халық үшін 2007 жылы - 51,3 %, 2008 жылы - 59 %, 2009 жылы - 60,8 %, 2010 жылы - 63,6 %, 2011 жылы - 66,6 %						
2.2.1 міндет. Берілетін салықтық қызметтердің сапасын арттыру						
Кезекте күтудің орташа уақытын қысқарту	Мин	40	35	33,8	30,1	27,7
Мемлекеттік қызмет көрсетулердің электрондық түрлерін көрсету бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының сапасына қанағаттанушылықты арттыру (сауалнама нәтижелері бойынша)	%	-	50	51,2	53	55
Салықтарды есептеуді оңайлату - жылына салық есептілігін дайындауға және тапсыруға кететін орташа уақыты	Жұмыс күні	17,4	15	12	10	9
Салық органдарының Ақпаратты қабылдау және қайта өңдеу орталықтарының құрылысы	Бірлік	-	14	11	12	-
2.2.2 міндет. Қоғамның салық мәселелерінде ақпараттанғандығын арттыру						
Салық мәселелері бойынша хабардарлық деңгейін арттыру (% сауалнама нәтижелері бойынша)	%	0	50	55	60	65
3-стратегиялық бағыт. Кеден органдары қызметінің тиімділігін арттыру						
3.1 мақсат. Халықаралық стандарттарға жауап беретін, ұсынылған қызмет көрсетулердің сапасына бағдарланған, тұрақты, тиімді қызмет ететін кеден жүйесін қалыптастыру						
Бәсекеге қабілеттілік жаһандық индексінің көрсеткіші (позиция) Кедендік үдерістер жүктемесі, 2007 жылы - 100, 2008 жылы - 104, 2009 жылы - 98, 2010 жылы - 88, 2011 жылы - 50.						
Нысаналы индикатор. ұсынылған кедендік қызмет көрсетуден СЭҚ қатысушылардың және басқа мүдделі тұлғалардың қанағат деңгейі 2007 жылы - 38,9 %, 2008 жылы - 45,8 %, 2009 жылы - 53,2 %, 2010 жылы - 58,4%, 2011 жылы - 63,3 % құрады						
3.1.1 міндет. Сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына қызмет көрсету уақытын қысқарту						
Кедендік бақылау мен ресімдеу үшін қажетті негізгі автоматтандырылған	%	-	37,5	62,5		87,5

бизнес-процестерді жаңғырту					75	
Кедендік рәсімдерді өтудің орташа уақытын қысқарту	жұмыс күндері	2-н 10 дейін	2-н 8 дейін	2-н 6 дейін	2-н 4 дейін	<u>≤ 2</u>
Кеден органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру	Адам.	2546	3525	4000	4000	4000
3.1.2 міндет. Сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының мүдделері үшін кедендік рәсімдерді халықаралық стандарттарға сәйкес үйлестіру және бір ізге салу						
Кедендік ресімдеу үшін қажетті құжаттардың саны (кеден органдарының құзыреті бойынша)	Бірлік	<u>≤ 14/3</u>	14-13/3	12/1	11/1	10/1
Кедендік рәсімдерді халықаралық стандарттарға сәйкес стандарттау	Бірлік	1	1	1	1	1
Тауарлар мен көлік құралдарын қолмен тексеру процестерін қысқарту	%	-	70	70	55	40
3.2 мақсат. Құқық бұзушылықтың, алдын алудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін қалыптастыру, кедендік шекара арқылы заңсыз өткізілген тауарларды табу						
Нысаналы индикатор. Мемлекетке келтірілген залал сомасын өндіріп алуды ұлғайту, 2008 жылға қатысты: 2009 жылы - 15 %, 2010 жылы - 25 %, 2011 жылы - 33 % құрайды.						
3.2.1 міндет. Құқық бұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз ету						
Заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге құқық бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында енгізілген өзгерістердің саны	Бірлік	-	-	1	1	1
Ең аз тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының үлесін арттыру	%	-	10	20	28	35
Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің стратегиялық объектілерін бақылау шараларын талдау және анықтау	Бірлік	-	5	5	5	5
3.2.2 міндет. Қылмыстық және әкімшілік өндірістердің сапасын арттыру						

Сот қарамаған қылмыстық істердің үлесін 2007 жылмен салыстырғанда азайту	%	9,1	8,7	8,5	8,3	8
Сотпен тоқтатылған істердің үлесін 2007 жылмен салыстырғанда азайту	%	2,7	2,4	2,1	1,8	1,5

3.2.3 міндет. Контрабандаға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарының контрабандалық және контрафактілік өтулеріне жол бермеу бойынша республикалық операциялардың саны	Бірлік	2	2	3	4	5
Есірткінің заңсыз айналымына жол бермеу бойынша халықаралық операциялардың саны	Бірлік	1	1	2	3	4

4-стратегиялық бағыт. Қаржылық ақпараттың сапасы мен қол жетімділігін арттыру

4.1 мақсат. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін жетілдіру, мемлекеттік мекемелерде де, аудиторлық ұйымдарды ХАС өтуді қамтамасыз ету

Бәсекеге қабілеттілік жаһандық индексінің көрсеткіші (позиция) Аудирлеу мен есеп беру стандарттарының деңгейі, 2007 жыл - 85, 2008 жыл - 94, 2009 жылы - 90, 2010 жыл - 89, 2011 жыл - 85.

Нысаналы индикатор. ХҚЕС-ке өткен заңды тұлғалардың үлес салмағы, 2007 жылы - 0 %, 2008 жылы - 1 %, 2009 жылы - 1,2 %, 2010 жылы - 1,4 %, 2011 жылы - 1,6 %;
Мемлекеттік мекемелердің халықаралық практикаға сәйкес бухгалтерлік есепке көшуі (дайындық кезеңі) мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесі бойынша нормативті құқықтық актілер жобасын халықаралық практикаға сәйкес құру;
АХС-на көшкен аудиторлық ұйымдардың үлесі: 2007 жылы - 8 %, 2008 жылы - 15 %, 2009 жылы - 80 %, 2010 жылы - 85 %, 2011 жылы - 90 %

4.1.1 міндет. Заңнамалық базаны жақсарту және ХҚЕС бойынша регламенттеуші құжаттармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына оның сақталуын бақылау мен мониторинг жүйесін құру және ХҚЕС-ке көшу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Бірлік	-	1	жұмыстың жалғасы	-	-
ХҚЕСКК-мен шартты ХҚЕС-тің мемлекеттік тілдегі ресми						

аудармасын жариялау мақсатында 2009 жылдан бастап бес жыл мерзімге ұзарту	Бірлік ХҚЕСК К-мен шарт	-	-	1	-	-
ХҚЕС-тің мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі ресми аудармасын жариялау	Бірлік	1	1	1	1	1
4.1.2 міндет. Қаржы жүйесі мамандарының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.						
Еліміздің өңірлері мен облыстарында экономиканың іс жүзіндегі секторының қаржы қызметкерлері арасында, сондай-ақ ҚР Қаржы Министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері арасында ХҚЕС бойынша семинарлар өткізу	Адам	-	640	640	640	-
4.1.3 міндет. Мемлекеттің қатысу үлесі бар, ХҚЕС-ке өтпеген заңды тұлғаларды анықтау.						
Мемлекеттің қатысу үлесі бар, ХҚЕС-ке өтпеген заңды тұлғалар бойынша деректер базасын қалыптастыру	%	-	-	30	60	100
4.1.4 міндет. ХҚЕС-ті ақпараттық қамтамасыз ету.						
ХҚЕС мәселелері бойынша БАҚ-да жариялау	Бірлік	3	5	5	4	3
4.1.5 міндет. Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін халықаралық практикаға сәйкес құру						
Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын халықаралық практикаға сәйкес әзірлеу	Бірлік	-	-	3	-	-
Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі бойынша нормативтік құқықтық актілерін	Бірлік	-	-	-	-	-

халықаралық практикаға сәйкес қабылдау					3	
Халықаралық практикаға сәйкес "Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп" бағдарламалық өнімі бойынша техникалық тапсырма әзірлеу	Бірлік	-	-	-	1	-
"Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп" бағдарламалық өнімін құру, оны барлық мемлекеттік мекемелерде орнату және қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесімен біріктіру	Бірлік	-	-	-	-	1
Сыртқы және ішкі аудиторлардың қаржылық есептілігін құрастырушыларды, пайдаланушыларды оқытып-үйрету, еліміздің облыстық орталықтарында мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөнінде семинарлар өткізу	Адам	-	-	-	11268	11268

4.1.6 міндет. Аудиторлық ұйымдар қызметінің аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес болуын қамтамасыз ету

Аудиторлық ұйымдардың АХС-на көшу мәніне зерттеулермен қамтылуы	%	≥ 8	≥ 15	≥ 80	≥ 85	≥ 90
---	---	----------	-----------	-----------	-----------	-----------

5-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыру

5.1 мақсат. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың, сондай-ақ экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында жұмыс істейтін заңды тұлғалардың қызметтерінің айқындылығын ұлғайту

Нысаналы индикатор. Басқарушылық шешімдерге арналған ақпараттық базаға енгізу үшін қаржылық ақпаратты электрондық түрде қамтамасыз ету көрсеткіштерін ұлғайту. 2007 жылы - 50 %, 2008 жылы — 60 %, 2009 жылы - 65 %, 2010 жылы - 70 %, 2011 жылы - 75 %

5.1.1 міндет. Мемлекеттік меншіктің жай-күйін есепке алу жүйесін дамыту

Ақпаратты ақпараттық базаға белгіленген						
---	--	--	--	--	--	--

тәртіппен ұсынатын ұйымдар проценті	%	65	70	75	80	100
Есепке алынуы мемлекеттік кәсіпорындар мен жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мекемелердің, заңды тұлғалардың Тізілімінде қамтамасыз етілетін шетелдегі мемлекеттік мүлік проценті	%	-	-	70	100	100
Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың Тізілімінен олар туралы ақпарат олардың мемлекеттік басқару органдарына электрондық форматта берілетін республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың проценті	%	30	100	100	100	100
Мемлекеттік сатып алуды ақпараттық жүйелер мен электрондық құжат айналымын пайдалана отырып, жүзеге асыруға қол жетімділік алған мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың саны	%	-	0,3	0,6	100	100
5.1.2 міндет. Меншікті мониторингілеу жүйесін дамыту және оның нәтижелерін пайдалану						
Мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында тексерілген меншікті басқару тиімділігінің кешенді мониторинг объектілерінің проценті	%	14	11	0	33	50

Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы тексерілген мемлекеттік меншік мониторингі объектілерінің проценті	%	33	33	0	33	33
Мониторинг объектілерінің қызметін жақсарту бойынша мемлекеттік мекемелер қабылдаған ұсынымдардың саны	%	-	50	0	57	60
Мониторинг объектілерінің қабылданған ұсынымдар саны	%	-	10	0	20	25

6-стратегиялық бағыт . Банкроттық саласындағы реттеу тиімділігін арттыру

6.1 мақсат. Төлеу қабілеті жоқ ұйымдарды қаржылық-экономикалық сауықтыру және дәрменсіз борышкерлерді жою.

"Doing Business" көрсеткіші (позиция) "Кәсіпорындарды жабу" индикаторы бойынша Қазақстанның позициясын жақсарту мен (немесе) төмендеуін болдырмау 2007 жылы - 103, 2008 жылы - 100 ,2009 жылы - 85, 2010 жылы - 70, 2011 жылы - 70-тен төмен емес

Нысаналы индикатор. Төлем қабілеті қайта қалпына келтірілетін кәсіпорындардың үлесін ұлғайту: 2007 - 45 %, 2008 - 50 %, 2009 - 51 %, 2010 - 52 %, 2011 - 53 %

6.1.1 міндет. Тиімсіз шаруашылық жүргізуші субъектілерді оңалту және жою

Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру, тиімсіз менеджментті жою, сондай-ақ жаңа технологиялар мен ішкі қайта ұйымдастырудың түрлі нысандарын қолдана отырып, өндірісті дамыту	Млн. теңге (болжамдағы деректер)	435,1	430,5	661,3	672,4	684,5
Тиімсіз өндірістер санын оларды жою жолымен төмендету	Бірлік	1780	1840	1430	1440	1450

7-стратегиялық бағыт . Қаржы мониторингі жүйесін қалыптастыру (бірінші кезең)

7.1 мақсат. Заңсыз табыстарды жария ету (жылыстату) мен лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-әрекеттер

Нысаналы индикатор. Қаржы мониторингі субъектілерін қаржы мониторингі жүйесімен қамту: 2009 жылы - 0 %, 2010 жылы - 50 %, 2011 жылы - 80 %

7.1.1 міндет. Қаржы мониторингі қызметінің нормативтік құқықтық негізін қалыптастыру

"Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық						
--	--	--	--	--	--	--

актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын және осы заңдардан туындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау	Бірлік	-	-	2	-	-
--	--------	---	---	---	---	---

7.1.2 міндет. Қаржы мониторингінің ақпараттық жүйесін құру және дамыту

Ақпараттық жүйенің техникалық тапсырмасы мен техникалық экономикалық негіздемесін әзірлеу	Бірлік	-	-	1	-	-
Бағдарламалық өнім құру	Бірлік	-	-	1 (пилоттық аймақта)	1 (пысықтау)	1 (пысықтау)

3.1. Сектораралық өзара іс-әрекет (мемлекеттік органдар арасындағы келісімдер негізінде)

3.1.1. Салықтық әкімшілендіруді жақсарту және қоғамның салық қызметі органдарының жұмысына қанағаттану деңгейін өсіру жолымен салықтардың толық түсуін қамтамасыз ету

Ескерту. 3-1-1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.10 N 2062 Қаулысымен.

ҚМ іске асыратын іс-шаралар	Салааралық үйлестіруді талап ететін іс-шаралар
БАҚ арқылы салық мәселелері бойынша хабардарлықты а р т т ы р у Мемлекеттік қызмет көрсетілерудің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және енгізу Салық органдарының IT-жүйелерін жаңғырту	МММ - ақпарат көлемдерін келісу, мемлекеттік сатып алуларға тендерлерді өткізу уақтылығы, қызмет көрсетулерді жеткізушілермен шарттар жасасу МҚА - ҚР Қаржы министрлігі ұсынған мемлекеттік қызмет көрсетулерді Тізілімге уақтылы және толық енгізу АБА - ҚР Қаржы министрлігінің ұсыныстарын келісу

3.1.2. Халықаралық стандарттарға жауап беретін, ұсынылатын қызмет көрсетулердің сапасына бағдарланған тұрақты, тиімді қызмет ететін кеден жүйесін қалыптастыру

ҚМ іске асыратын іс-шаралар	Салааралық үйлестіруді талап ететін іс-шаралар
Кедендік ресімдеу мен бақылау үшін жаңашыл ықпалдасқан ақпараттық жүйесін мынадай сипаттамасымен әзірлеу және енгізу: 1) электрондық үкіметтер құралдарын қолдану. 2) мемлекеттік реттеуші және	ИЖСМ - берілетін рұқсат құжаттардың электрондық тізілімін жүргізу, берілген рұқсат құжаттары бойынша тауарларды ресімдеу мониторингі АШМ - берілетін рұқсат құжаттардың электрондық тізілімін жүргізу, берілген рұқсат құжаттары бойынша тауарларды ресімдеу мониторингі

арнайы ведомстваралық іс-әрекет	органдарымен ақпараттық өзара	ІМ - берілетін рұқсат құжаттардың электрондық тізілімін жүргізу, берілген рұқсат құжаттары бойынша тауарларды ресімдеу мониторингі, көліктік құралдары туралы ақпаратпен алмасу
---------------------------------	-------------------------------	---

3.1.3. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін жетілдіру

ҚМ іске асырылатын іс-шаралар	Салааралық үйлестіруді талап ететін іс-шаралар
Мемлекеттің қатысу үлесі бар, ХҚЕС-ке көшпеген заңды тұлғалар бойынша деректер базасын қалыптастыру	Облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері - ХҚЕС-ке көшу бөлігінде бағынысты ұйымдары бойынша мәліметтер беру

3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттің, мемлекеттік органның қызметі іске асырылуына бағытталған стратегиялық мақсаттары	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1-стратегиялық бағыт. <i>Бюджеттің атқарылу сапасын жақсарту</i>		
1.1-мақсат. Мемлекеттік мекемелердің бюджеттерінің атқарылуына және шоттарына қазынашылық қызмет көрсету сапасын арттыру	Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган: 1) республикалық бюджетті атқарады және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асырады; 2) мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асырады.	Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі
1.2-мақсат. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жеңілдету	6 - т а р а у . Ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықта және ашық тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу 35-бап. Ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықта мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Ұйымдастырылған электрондық сауда-саттықта мемлекеттік сатып алу тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді нақты уақыт режимінде сатып алуды қамтамасыз ететін электрондық сауда жүйесі арқылы жүзеге асырылады.	2007 жылғы 21 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы
